

# ҚАРЖЫ-НЕСИЕ ЖҮЙЕСІ

## ФИНАНСОВО-КРЕДИТНАЯ СИСТЕМА

### FINANCIAL-CREDIT SYSTEM

ӘОЖ 338.34: 338.242 (574)

Б.С. Есенгельдин<sup>1</sup>, М.Т. Кантуреев<sup>2</sup>, А.К. Жахметова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;

<sup>2</sup>І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған, Қазақстан  
(E-mail: yessen\_baur@inbox.ru)

#### Нарық жағдайындағы кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалаудың ерекшеліктері

Мақалада қазіргі заманғы жағдайда кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын дамытудың нарықтық механизмдері қарастырылды. Авторлар «кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы» тұжырымдамасының түрлі түсіндірмелерін қорытындылаған, осыған байланысты тәуекелдерге және табыстылыққа байланысты кәсіпорындарды инвестициялауға қойылатын талаптарды анықтаған. Негізгі капиталға салынған инвестициялық ресурстар Қазақстан Республикасының кәсіпорындарының көлеміне қарай талданған. Авторлар инвестиция қаражатын инвестициялаудың төменгі тәуекелдері бар шағын кәсіпорындарға инвестициялаудың нәтижесінде жоғары пайда алу мүмкіндігін анықтаған. Мақалада Қазақстан Республикасы экономикасының секторлары бойынша негізгі капиталға салынған инвестицияларға көңіл бөлінген. Инвестицияның тиімділігі инвестициялық тартымдылықты, ал инвестициялық тартымдылық бұл бүкіл кәсіпорынның инвестициялық қызметін айқындайтыны көрсетілген. Инвестициялық тартымдылық бағалау әдістері келесі топтарға жіктелген: кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерін анықтауға негізделген әдістер; өндірістік әлеуетті анықтауға, басқару сапасына, сыртқы ортаны бағалауға негізделген әдістер; акциялардың тартымдылығының көрсеткіштеріне негізделген әдістер; кешендік бағалау әдістері; салыстырмалы бағалау әдістері; құнды бағалау әдістері. Авторлардың ойынша, инвестициялық тартымдылық деңгейін анықтау үшін статистикалық және сараптамалық ақпарат қажет, оның негізінде бағалау талаптары бірыңғай немесе кешенді түрде қалыптастырылады. Кәсіпорынның иелері мен менеджменті үшін басқару объектісі болып табылатын инвестициялық тартымдылықты бағалау бойынша басты ұсыныстар берген.

*Кілт сөздер:* инвестиция, инвестор, инвестициялық тартымдылық, негізгі капиталға инвестициялар, инвестициялық тартымдылықты бағалау әдістері, қаржылық көрсеткіштер.

Қазақстанның инновациялы-индустриялық және технологиялық дамуының, ұлттық өндірістің тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ елдің экономикалық дамуын қамтамасыз етудің ең басты шарты инвестициялық тартымдылықты белсендіру болып табылады. Шетелдік және ішкі инвестициялық ресурстарды қолдана отырып, экономиканың нақты секторындағы капитал салымдар ауқымын әжептәуір кеңейтуге болады. Инвестициялық саладағы ел аймақтарының басты бағыттарының бірі экономикалық ахуалды жақсарту үшін жағдайлар жасау, қаржылық және нақты секторлардың өзара байланысын нығайту негізінде инновациялық өндірісті дамытудағы инвестицияның сапалық өсуіне бағытталған тиімді ұлттық инвестициялық үдерісті жетілдіру керек.

Осыған байланысты, кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалау өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Инвестициялық объектіні инвесторға негіздеу құралы ретінде әрекет ету, кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалау, сонымен қатар оның инвестициялық үдерістері үшін ресурстық құрал болып табылады. Дегенмен, қазіргі уақытта «кәсіпорынның

инвестициялық тартымдылығы» ұғымының теориялық және тәжірибелік негіздемесін бағалау тиісті теориялық қолдауға ие болмады. Нәтижесінде, біздің ойымызша, «кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы» ұғымының маңызды сипаттамаларын бағалауға және оны бағалаудың әдістеріне ерекше назар аудару керек.

Өндірістік қуаттылықтарды құру үшін Қазақстанға, ең алдымен, тікелей өндіруші капитал импорты қажет, бұл шетел инвестицияларын елге тарту бағдарламаларын құруды талап етеді. Кез келген ұйымды дамыту үшін капитал сыртқы көздерден тартылады. Инвесторлар пайда табуға және оны көбейтуге қызығушылық білдіреді.

Қазіргі экономикадағы құрылымға көптеген факторлар әсер етеді, олардың қатарына инвестициялық тартымдылықты жатқызуға болады. Негізінен, бұл ұғым инвесторға жобаға инвестиция салудың қаншалықты пайдалы екендігін бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан «инвестициялық тартымдылық» ұғымы бойынша ғалымдардың анықтамаларын қарастырып көрелік:

– экономикалық категория ретінде кәсіпорынның мүлкін пайдаланудың тиімділігін, оның төлемқабілеттілігін, қаржылық жағдайының тұрақтылығын, капиталдың кірістілігін арттыру, өндірістің техникалық және экономикалық деңгейін, сондай-ақ өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігі негізінде өзін-өзі дамыту қабілеттілігін сипаттайды [1];

– кәсіпорынның, ең алдымен, нақты инвестордан коммерциялық немесе басқа қызығушылықты тудыруға, оның ішінде нақты экономикалық тиімділікті алу үшін кәсіпорынның «инвестицияларды жүзеге асыруға» қабілеттілігін арттыру оның нарықтық құнының өсуі болып табылады [2];

– бизнестің тиімді дамуына және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге қатысты кәсіпкерлік субъектілері арасындағы экономикалық қатынастар жүйесі [3];

– бұл инвестордың өз қаражаты есебінен және басқа да қаражат есебінен оны дамытуға инвестициялау тәуекелдігінің келешегін, пайдалылығын, тиімділігін және барынша азайтылуының жалпылама сипаттамасы [4];

– кәсіпорынның инвесторлар үшін ықтималдығы жоғары дәрежеде инвестиция мерзімін қолайлы шарттарда табыстылық деңгейінің қанағаттанарлық деңгейін бере алатын немесе басқа жағымды әсерге қолжеткізе алатын экономикалық дамуы [5];

– инвесторға инвестиция объектісі басқаларға қарағанда неғұрлым тартымды екенін бағалауға мүмкіндік беретін сипаттамалар жиынтығы [6];

– бұл инвестицияны тарту мақсатында инвестициялық саясатты жүзеге асыру барысында кәсіпорынның өзінің факторлық және құндылық артықшылықтарын іске асыру мүмкіндігі [7].

Жоғарыдағы анықтамалар көрсеткендей, инвесторлардың әр топтары үшін кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы инвестор инвестицияланған қаражат есебінен алатын табыс деңгейімен анықталады. Табыс деңгейі, өз кезегінде, капиталды қайтармау және капиталға табыс ала алмау қаупі деңгейімен анықталады. Осыны негізге ала отырып, инвесторлар кәсіпорынға инвестиция салу кезінде арнайы қойылатын талаптарды анықтайды.

Инвестициялық тартымдылық тек қаржылық құрылымдарға ғана емес, сондай-ақ елдің өңірлеріне және салаларына байланысты. Мұндай жағдайларда инвестор өндірістегі басым жағдайлардың барлық оң және теріс жақтарын нақты түсінуі керек. Бұл үшін инвестициялық белсенділіктің тартымдылығы келесі деңгейлерде анықталады: макродеңгейі бүкіл мемлекет көлемінде, мезодеңгейінде аймақтың мүмкіндігі қарастырылады, микродеңгейінде тек қолданыстағы кәсіпорын аумағында ғана болады. Әрбір деңгейде өзіндік инвестициялық саясат қалыптастырылады және оның негізінде инвестициялар тартылады.

Кәсіпорын деңгейінде бұл негізгі капиталға салынатын инвестициялар үшін ықтимал төлем талаптарын айқындайтын әртүрлі объективті белгілердің, қасиеттердің, құралдар мен мүмкіндіктердің жиынтығын анықтап береді.

Қазақстан Республикасында кәсіпорындар өлшемділігі бойынша негізгі капиталға салынатын инвестицияларымен ерекшеленеді (1-кесте).

**Кәсіпорындардың өлшеміне қарай Қазақстан Республикасындағы 2012-2016 жылдары  
негізгі капиталға салынған инвестициялар мөлшері**

млн тг.

Кәсіпорын түрлері	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
<b>Барлығы, млн тг</b>	5 473 161	6 072 687	6 591 482	7 024 709	7 762 303
үлесі (%), <i>соның ішінде</i>	100	100	100	100	100
ірі кәсіпорындар					
- млн тг	2 566 037	3 226 490	3 232 539	3 546 889	3 916 800
- үлесі (%)	46,9	53,1	49,0	50,1	50,5
орта кәсіпорындар					
- млн тг	1 085 238	922 544	527 851	672 318	726 345
- үлесі (%)	19,8	15,2	8,0	9,6	9,4
шағын кәсіпорындар					
- млн тг	1 821 886	1 923 653	2 831 092	2 805 502	3 119 158
- үлесі (%)	33,3	31,7	43,0	40,3	40,1

*Дереккөзі.* Авторлармен [8] негізінде әзірленген.

Кесте мәліметтері көрсеткендей, негізгі капиталға инвестициялардың жоғары өсу қарқыны сақталып отыр. 2016 жылы (7762303 млн тг) негізгі капиталға инвестициялардың көлемі, 2012 жылға (5473161 млн тг) қарағанда, 41,8 %-ға ұлғайған. 2016 жылы негізінен инвестициялар ірі (50,5 %), шағын (40,1 %) және орта (9,4 %) кәсіпорындарға салынған. Шағын кәсіпорындардың негізгі капиталына салынған инвестициялардың үлесі 2012 ж. 33,3 % болса, ал 2016 ж. 40,1 % дейін өскен.

Ірі кәсіпорындармен қатар, шағын кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығы байқалады. Шағын кәсіпорындар инвестициялық капиталдың төмен тәуекелімен салынған инвестициялық капиталдан барынша табыс алуға мүмкіндік береді. Ірі кәсіпорындар Қазақстан Республикасының сәйкес тауар нарығында ұсынылмаған немесе сол тауар нарығының қажеттілігін жаппайтын отандық тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге бағытталған инвестициялық жобаларға қатысу қағидасын ұстанады.

Инвестицияның тиімділігі инвестициялық тартымдылықты, ал инвестициялық тартымдылық инвестициялық қызметті анықтайды. Инвестицияның тиімділігі қаншалықты жоғарылаған сайын, инвестициялық тартымдылық деңгейі неғұрлым жоғары болады. Негізгі капиталға салынатын инвестициялар экономика секторларында атқарылатын жұмысы мен көрсетілетін қызметіне қарай өзгешеленеді (2-кесте).

**Инвесторлардың экономика секторлары бойынша 2012-2016 жылдары  
негізгі капиталға салған инвестициялары**

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
1	2	3	4	5	6
<b>Барлығы</b>	5 473 161	6 072 687	6 591 482	7 024 709	7 762 303
<i>соның ішінде экономика секторлары бойынша</i>					
қаржылық емес корпорациялар					
- млн тг	4 072 262	4 663 416	4 963 391	5 536 259	6 101 989
- үлесі (%)	74,4	76,8	75,3	78,8	78,6
қаржылық корпорациялар					
- млн тг	62 748	98 877	86 774	79 941	110 163
- үлесі (%)	1,1	1,6	1,3	1,1	1,4
мемлекеттік басқару органдары					
- млн тг	1 102 622	1 023 743	1 215 788	996 950	1 029 369
- үлесі (%)	20,1	16,9	18,4	14,2	13,3

2 - кестенің аяқталуы

1	2	3	4	5	6
үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар					
- млн тг	7 156	12 566	8 884	5 946	10 112
- үлесі (%)	0,1	0,2	0,1	0,1	0,1
үй шаруашылықтары					
- млн тг	228 373	274 085	316 645	405 613	510 670
- үлесі (%)	4,3	4,5	4,9	5,8	7,2

Дереккөзі. Авторлармен [8] негізінде әзірленген.

Экономика секторында негізгі капиталға салынатын инвестициялар ішінде басты үлес қаржылық емес корпорацияларға (2016 ж. – 78,6 %) тиесілі. Соңғы жылдары инвестициялық ресурстардың мемлекеттік басқару органдарында төмендегенін (2012 ж. – 20,1 %, ал 2016 ж. – 13,3 %), ал үй шаруашылықтарында өскенін (2012 ж. – 4,3 %, ал 2016 ж. – 7,2 %) байқауға болады. Инвестицияларды экономикаға тарту ішкі жинақтардың және қаражаттардың жетіспеушілігінен құтылуға, өндірістің өсуіне, экспорттың жоғарылауына, импорттың төмендеуіне, тауарлық тапшылықтың қысқаруына және өндірісті ұйымдастырудың тиімділігін жоғарылатуға көмектеседі.

Бүгінгі күні кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалаудың көптеген әдістері бар, олар әртүрлі факторларды ескеріп, кәсіпорынның сандық немесе сапалық сипаттамаларын бере алады. Бұл әдістерді келесі топтарға бөлуге болады: кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерін анықтауға негізделген әдістер; өндірістік әлеуетті анықтауға, басқару сапасына, сыртқы ортаны бағалауға негізделген әдістер; акциялардың тартымдылығының көрсеткіштеріне негізделген әдістер; кешендік бағалау әдістері; салыстырмалы бағалау әдістері; құнды бағалау әдістері (3-кесте).

3 - кесте

### Инвестициялық тартымдылықты бағалау әдістерінің топтамасы

Р/с №	Бағалау әдістері	Жалпы сипаттамасы
1	2	3
1	Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерін анықтауға негізделген әдістер	Әдістер қаржылық тұрақтылықты, іскерлік белсенділікті, табыстылықты, міндеттемелердің барлық түрлеріне ақы төлеу қабілеттілігін, кірістер динамикасының көрсеткіштерін, шығыстарды, капиталды пайдалануды анықтауды қамтиды. Бұл әдістің артықшылығы айқын экономикалық көрсеткіштермен және іс жүзінде ешқандай субъективтілік жоқтығымен ерекшеленеді
2	Өндірістік әлеуетті анықтауға, басқару сапасына, сыртқы ортаны бағалауға негізделген әдістер	Бұл әдістер өндірістік қызметтің қажетті көрсеткіштерін есептейді және талдайды, статистикалық мәліметтерді және есеп-қисап деректерін талдайды, нақты кәсіпорынға қатысты саяси және экономикалық жағдайды талдаудың әртүрлі түрлерін жүргізеді. Бұл топ белгілі бір дәрежеде субъективтілікпен сипатталады, шаруашылық субъектісі туралы үлкен білімді қажет етеді
3	Акциялардың тартымдылығының көрсеткіштеріне негізделген әдістер	Бұл әдістер қаржы есептілігіне және кәсіпорын туралы көптеген білімдерге негізделген. Әсіресе бұл әдіс күрделіліктің жоғары деңгейімен сипатталады
4	Кешендік бағалау әдістері	Бұл әдістер есептерді, қаржылық көрсеткіштерді, сондай-ақ белгілі бір салаларда кәсіпорынның даму әлеуетін бағалауды біріктіреді
5	Салыстырмалы бағалау әдістері	Бұл әдістер құнды бағалауды білдіреді, көбінесе бағалау сарапшылар арқылы жүргізіледі. Бұл әдістің артықшылығы – қарапайымдылығы, ал кемшілігі — бағалаудың субъективтілігі

1	2	3
6	Құнды бағалау әдістері	Осы әдіс шеңберінде кәсіпорынның нарықтық құны бағаланады. Бұл жағдайда инвестицияның тартымдылығы құнның өсуімен анықталады. Мұндай тәсілдеме кәсіпорынның, инвестордың және жалпы қоғамның қажеттіліктерін көрсетеді

*Дереккөзі.* Авторлармен [9–12] негізінде әзірленген.

Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы тұжырымдамасының негіздемелеріне және қарастырылған әдістердің топтарына сүйене отырып, инвестициялық тартымдылықты бағалаудың әмбебап әдісі жоқ деп қорытынды жасауға болады. Әдістің таңдауы нақты кәсіпорынға, инвестицияның мақсатына, инвестор белгілеген талаптарға, инвестиция көлеміне және басқа да көптеген факторларға байланысты.

Көрсетілген әдістердің ішінде кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерін анықтауға негізделген әдістердің маңыздылығы жоғары. Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалау қаржы көрсеткіштерін қолдана отырып, кәсіпорынның экономикалық жағдайын есептеу жолымен жүзеге асырылады. Бұл көрсеткіштер мыналарды қамтиды [13, 14]:

– өтімділік — қажет болған жағдайда кәсіпорын өзінің активтерін ақшаға айналдыру қаншалықты жылдам екенін көрсетеді;

– мүліктік жағдайы — кәсіпорынның жиынтық активтері айналымдағы және айналымнан тыс құралдарының үлесін көрсетеді;

– іскерлік белсенділік — кәсіпорындағы барлық қаржылық үдерістерді сипаттайды, яғни кәсіпорынның пайдасына тәуелді болады;

– қаржылық тәуелділік — кәсіпорынның сыртқы қаржыландыру көздеріне тәуелділігін және қосымша қаражатсыз жұмыс істей алатындығын көрсетеді;

– табыстылық — кәсіпорынның қаржылық мүмкіндіктерін пайдаланатын тиімділігін көрсетеді.

Инвестициялық тартымдылық деңгейін анықтау үшін статистикалық және сараптамалық ақпарат қажет, оның негізінде бағалау талаптары бірыңғай немесе кешенді түрде қалыптастырылады.

Әлемдік капиталдың жетіспеушілігі жағдайында кәсіпорындар тікелей инвестицияларға жүгіне алады. Өз кезегінде бұл әдіс келесіге бөлінеді:

- қаржы инвесторларының инвестициялары;
- инвестициялардың стратегиялық түрі [15].

Біріншісі — инвестордың акцияларды (бірақ бақылау пакетін емес) 2-5 жылдан кейін сата отырып, шағын бөлігін инвестициялау мүмкіндігі, инвесторлардың көп саны бар бағалы қағаздар нарығында акцияларды орналастыруға болады. Инвестордың негізгі табысы акцияларды сату болып табылады, ал, өз кезегінде, ұйымның инвестициялық тартымдылығы өседі. Бұл нұсқа инвесторға да, кәсіпорын басшылығына да тиімді.

Екіншісі (стратегиялық инвестиция) инвестордың ірі акциялар пакетін ұзақ уақыт бойы сатып алуына негізделген, онда инвестор кәсіпорынның басқа иесі болып табылады. Стратегиялық инвестордың негізгі мақсаты дайын кәсіпорын немесе оның құрылымымен бірігу болып табылады. Бұл нұсқа дағдарыс жағдайында қолайлы, бірақ ол иеленушіден өз өкілеттіктерін жоғалтады және кәсіпорын қаржыландырудың басқа көздеріне қаржылық тұрғыдан тәуелді болады.

Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін бірқатар шаралар қабылдануы мүмкін:

– дамуға ұмтылған кез келген кәсіпорын бірінші кезекте, болашақты басшылыққа ала отырып ұзақмерзімді стратегия құрады;

– міндетті түрде бизнес-жоспар құру талап етіледі, яғни онда мақсаттары мен пайдаға барынша қолжеткізу жолдары көрсетіледі;

– заңнамалық нормаларға сәйкес заңгерлік сараптама бойынша құжаттаманың болуы;

– фирма өзіне несиелік тарихын құруы керек (банк мекемелерінде шағын несие алып және оны қысқа мерзімде қайтару арқылы өте оңай жасауға болады);

– белгілі-бір жер учаскелерін иеленудің және меншік туралы құжаттарды, жалпы фирманың құжаттарын ретке келтіреді;

– акционерлердің құқықтары мен меншік иелерінің өкілеттіктері кәсіпорынның жарғылық құжаттарында жазылғанын қамтамасыз етеді.

Құжаттардың толық пакетін анықтаған және жинағаннан кейін кәсіпорынның өндірістік үдерісіне үлкен көңіл бөлу керек. Бұны басқару персоналдары — бас технолог, инженер, сату жөніндегі менеджер, экономист-сарапшы, персоналмен жұмыс жасау жөніндегі менеджер жақсы жасайды. Олардан кәсіпорынның ұтымды дамуы, кедергілерді анықтауы және жоюына әсер ететін күшті және әлсіз жақтарды анықтауы керек. Тәуекелдермен мұқият жұмыс жасау, олардың қауіп-қатер деңгейін анықтауға, оларды әлсіретуге немесе толықтай жоюға болады.

Барлық іс-шаралар аяқталғаннан кейін инвесторға кәсіпорынның жұмыс істеуін жақсарту әдісі бар екендігін көрсету қажет. Қорытындылай келе, кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы ұтымды басқаруға байланысты деп айтуға болады.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда тартылған инвестициялардың инновациялық толыққанды қажеттілігі бар. Инновациялық даму факторларымен инвестицияларды үйлестіру инвестициялық ахуалды, оның құрамдас бөліктеріне, инвестициялық механизміне ерекше талаптарды тудыратын шағын инвестициялық кәсіпкерлік саласындағы инвестицияларды тарту үшін аса маңызды.

Сонымен, нарық жағдайындағы кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалауды қарастыра отырып, мынадай қорытындылар жасауға болады:

– кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы — кәсіпорын иелеріне мен менеджментінің басқару объектісі болып табылады, ал оның сандық бағалауы инвесторларды тартуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығының сандық сипаттамаларының түсіндірілуі әрбір инвестордың бір немесе бірнеше меншікке ие болуының артықшылықтарын, қауіптерін және келешектерін қалай бағалайтынын субъективті түсінуіне байланысты болады;

– инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз ету үшін барлық негізгі басқару қызметтерін іске асыру қажет: инвестициялық тартымдылықты болжау және жоспарлау мақсаты (инвестициялық кәсіпкерлік субъектісі үшін) және нәтиже (сыртқы және ішкі инвестор үшін) ретінде; инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз ету үдерісін ұйымдастыру (экономикалық субъектіні басқару жүйесі деңгейінде); инвестициялық тартымдылықты арттыруға бағытталған басқарудың барлық деңгейін ынталандыру; инвестициялық тартымдылық жағдайының сыртқы және ішкі бақылауы мен талдауын ұйымдастыру;

– кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын дамыту үшін ішкі корпоративтік басқару әдістерін, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар арасындағы қарым-қатынасты байланыстыра отырып жүргізу керек;

– кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалауда олардың сандық, сапалық және қорытынды инвестициялық көрсеткіштерін ұтымды қолдану мәселесі маңызды болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Крылов Э.И. Анализ финансового состояния и инвестиционной привлекательности предприятия: учеб. пособие / Э.И. Крылов, В.М. Власова, М.Г. Егорова и др. — М.: Финансы и статистика, 2003. — 192 с.
- 2 Лаврухина Н.В. Методы и модели оценки инвестиционной привлекательности предприятия / Н.В. Лаврухина // Теория и практика общественного развития. — 2014. — № 8. — С. 113–117.
- 3 Конторович С.П. Управление инвестиционной привлекательностью предприятия (системно-оценочный аспект) [Электронный ресурс] / С.П. Конторович. — Режим доступа: <http://publish.cis 2000.ru/books/book.17/info/shtm>.
- 4 Сергеев И.В. Организация и финансирование инвестиций: учеб. пособие / И.В. Сергеев, И.И. Веретенникова, В.В. Яновский. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Финансы и статистика, 2003. — 400 с.
- 5 Санникова И.Н. Риски реального сектора экономики в контексте региональной экономической безопасности / И.Н. Санникова, Т.А. Рудакова, Э.В. Татарникова // Национальные интересы: приоритеты и безопасность. — 2015. — № 20 (305). — С. 2–12.
- 6 Бандурин А.В. Стратегический менеджмент организации. [Электронный ресурс] / А.В. Бандурин, Б.А. Чуб. — Режим доступа: <http://www.cfin.ru>.
- 7 Есипенко И.В. Формирование методики оценки инвестиционной привлекательности компании / И.В. Есипенко // Аудит и финансовый анализ. — 2011. — № 3. — С. 1–4.
- 8 Инвестиционная и строительная деятельность в Республике Казахстан: стат. сб. — Астана: Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан, 2017. — 158 с. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.stat.gov.kz>.
- 9 Суркин П.Н. Методы оценки инвестиционной привлекательности предприятия / П.Н. Суркин // Вопросы экономики и права. — 2012. — № 7. — С. 64–67.

10 Юханова Ю.А. Методики оценки инвестиционной привлекательности предприятия и их сравнительная характеристика [Электронный ресурс] / Ю.А. Юханова, А.В. Братенкова // Молодой ученый. — 2016. — № 9. — С. 780–787. — Режим доступа: <https://moluch.ru/archive/113/28810/> (дата обращения: 27.04.2018).

11 Белоцерковский В.И. Критерий инвестиционной привлекательности предприятия — его чувствительность к возможным инвестициям / В.И. Белоцерковский, Р.А. Ростиславов, И.В. Стрешинский // Известия Тульского гос. ун-та. Экономические и юридические науки. — 2013. — №3-1. — С. 236–247.

12 Ендовицкий Д.А. Анализ инвестиционной привлекательности организации / Д.А. Ендовицкий, В.А. Бабушкин, Н.А. Батурина и др.; под ред. Д.А. Ендовицкого. — М.: КНОРУС, 2016. — 376 с.

13 Дюсембаев К.Ш. Анализ финансовой отчетности: учебник / К.Ш. Дюсембаев. — Алматы: Экономика, 2009. — 366 с.

14 Шеремет А.Д. Методика финансового анализа / А.Д. Шеремет, Р.С. Сайфулин, Е.В. Негашев. — М.: ИНФРА-М, 2000. — 208 с.

15 Турманидзе Т.У. Анализ и оценка эффективности инвестиций: учебник / Т.У. Турманидзе. — М.: ЮНИТИ, 2015. — 247 с.

Б.С. Есенгельдин, М.Т. Кантуреев, А.К. Жахметова

### Особенности оценки инвестиционной привлекательности предприятий в рыночных условиях

В статье рассмотрены рыночные механизмы развития инвестиционной привлекательности предприятия в современных условиях. Авторами обобщены различные трактовки понятия «инвестиционная привлекательность предприятия», определены требования к предприятиям для инвестирования в зависимости от риска и доходности. В статье проанализированы вложенные инвестиционные ресурсы в основной капитал по размерности предприятий Республики Казахстан. Авторами определены возможности получения максимальной прибыли в результате вложения капитала на малые предприятия при минимальном риске вложения средств. Основное внимание в статье уделено инвестициям в основной капитал по секторам экономики Республики Казахстан. Отмечено, что эффективность инвестиций определяет инвестиционную привлекательность, а инвестиционная привлекательность — инвестиционную деятельность всего предприятия. Авторами классифицированы методы оценки инвестиционной привлекательности по следующим группам: методы, основанные на определении финансовых показателей предприятия; методы, основанные на определении потенциала производства, качества менеджмента, оценке внешнего окружения; методы, основанные на показателях привлекательности акций; методы комплексных оценок; методы сравнительных рейтинговых оценок; методы стоимостных оценок. Авторы отмечают, что для определения уровня инвестиционной привлекательности требуется статистическая и экспертная информация, на основе которой формируются единичные или комплексные критерии оценки. Предложены рекомендации по оценке инвестиционной привлекательности как объекта управления для собственников и менеджмента предприятия.

*Ключевые слова:* инвестиция, инвестор, инвестиционная привлекательность, инвестиции в основной капитал, методы оценки инвестиционной привлекательности, финансовые показатели.

B.S. Yessengeldin, M.T. Kantureev, A.K. Zhakhmetova

### Features of assessment of enterprise investment attractiveness in market conditions

The article deals with the market mechanisms of investment attractiveness development of the enterprise in modern conditions. The authors summarize various interpretations of the concept of «investment attractiveness of the enterprise», defined requirements for enterprises to invest depending on the risk and profitability. The article analyzes the invested investment resources in fixed assets by the size of enterprises of the Republic of Kazakhstan. The authors determine the possibility of obtaining maximum profit as a result of capital investment in small businesses with a minimum risk of investment. The article focuses on investments in fixed assets in the sectors of the economy of the Republic of Kazakhstan. It is noted that the efficiency of investment determines the investment attractiveness which is the investment activity of the enterprise. The authors classify the methods of investment attractiveness assessment by the following groups: methods based on the definition of financial indicators of the enterprise; methods based on the definition of production capacity, quality management, evaluation of the external environment; methods based on indicators of attractiveness of shares; methods of complex estimates; methods of comparative rating estimates; methods of cost estimates. The authors note that in order to determine the level of investment attractiveness, statistical and expert information is required, on the basis of which single or complex evaluation criteria are formed. Recommendations on the assessment of investment attractiveness are suggested as an object of management for the owners and management of the enterprise.

*Keywords:* investment, investor, investment attractiveness, investment in fixed assets, methods of assessing investment attractiveness, financial performance.

## References

- 1 Krylov, Je.I., Vlasova, V.M., Egorova, M.G. & et al. (2003). *Analiz finansovoho sostoianiia i investicionnoi privlekatelnosti predpriiatiia* [Analysis of the financial condition and investment attractiveness of the enterprise]. Moscow: Finansy i statistika [in Russian].
- 2 Lavruhina, N.V. (2014). Metody i modeli otsenki investitsionnoi privlekatelnosti predpriiatiia [Methods and models for assessing the investment attractiveness of an enterprise]. *Teoriia i praktika obshchestvennogo razvitiia – Theory and practice of social development*, 8, 113–117 [in Russian].
- 3 Kontorovich, S.P. Upravlenie investitsionnoi privlekatelnosti predpriiatiia (sistemno-otsenochnyi aspekt) [Management of the investment attractiveness of the enterprise (system-evaluation aspect)]. *publish.cis 2000.ru*. Retrieved from <http://publish.cis.2000.ru/books/book.17/info/shtm> [in Russian].
- 4 Sergeev, I.V., Veretennikova, I.I., & Janovskii, V.V. (2003). Orhanizatsiia i finansirovanie investitsii [Organization and financing of investments]. (2d ed.). Moscow: Finansy i statistika [In Russian].
- 5 Sannikova, I.N., Rudakova, T.A., & Tatarnikova, Je.V. (2015). Riski realnogo sektora ekonomiki v kontekste reionalnoi ekonomicheskoi bezopasnosti [Risks of the real economy in the context of regional economic security]. *Natsionalnye interesy: priority i bezopasnost – National interests: priorities and security*, 20(305), 2–12 [in Russian].
- 6 Bandurin, A.V., & Chub, B.A. Stratehicheskie menedzhment orhanizatsii [Strategic management of the organization]. *cfm.ru*. Retrieved from <http://www.cfm.ru> [in Russian].
- 7 Esipenko, I.V. (2011). Formirovanie metodiki otsenki investitsionnoi privlekatelnosti kompanii [Formation of the methodology for assessing the investment attractiveness of the company]. *Audit i finansovyi analiz – Audit and financial analysis*, 3, 1–4 [in Russian].
- 8 Investitsionnaia i stroitelnaia deiatelnost v Respublike Kazakhstan (2017) [Investment and construction activities in the Republic of Kazakhstan]. Astana: Komitet po statistike Ministerstva natsionalnoi ekonomiki Respubliki Kazakhstan. *stat.gov.kz*. Retrieved from <http://www.stat.gov.kz> [in Russian].
- 9 Surkin, P.N. (2012). Metody otsenki investitsionnoi privlekatelnosti predpriiatiia [Methods for assessing the investment attractiveness of an enterprise]. *Voprosy ekonomiki i prava – Issues of economics and law*, 7, 64–67 [in Russian].
- 10 Juhtanova, Ju.A., & Bratenkova, A.V. (2016). Metodiki otsenki investitsionnoi privlekatelnosti predpriiatiia i ikh sravnitelnaia kharakteristika [Methods for evaluating the investment attractiveness of an enterprise and their comparative characteristics]. *Molodoi uchenyi – Young Scientist*, 9, 780–787. Retrieved from <https://moluch.ru/archive/113/28810/> [in Russian].
- 11 Belocerkovskij, V.I., Rostislavov, R.A., & Streshinskij, I.V. (2013). Kriterii investitsionnoi privlekatelnosti predpriiatiia — eho chuvstvitelnost k vozmozhnym investitsiiam [Criterion of investment attractiveness of the enterprise is its sensitivity to possible investments]. *Izvestiia Tulskoho gosudarstvennogo universiteta. Ekonomicheskie i yuridicheskie nauki – News of Tula State University. Economic and legal sciences*, 3-1, 236–247 [in Russian].
- 12 Endovickij, D.A., Babushkin, V.A., Baturina, N.A. & et al. (2016). *Analiz investitsionnoi privlekatelnosti orhanizatsii* [Analysis of the organization's investment attractiveness]. D.A. Endovickij (Ed.). Moscow: KNORUS [in Russian].
- 13 Djusembaev, K.Sh. (2009). *Analiz finansovoi otchetnosti* [Analysis of financial statements]. Almaty: Ekonomika [in Russian].
- 14 Sheremet, A.D., Sajfulin, R.S., & Negashev, E.V. (2000). *Metodika finansovoho analiza* [Methods of financial analysis]. Moscow: INFRA-M [in Russian].
- 15 Turmanidze, T.U. (2015). *Analiz i otsenka effektivnosti investitsii* [Analysis and evaluation of investment efficiency]. Moscow: YUNITI [in Russian].